

Сабақтың тақырыбы: Сәулет ескерткіштері



Қожа ахмет яссауи



Айша бибі



Жошы хан



Алаша хан

Орта ғасырлардағы сәулет өнерінің дамуы:

- * Мемлекеттің қалыптасуы, шаруашылықтың өркендеуі орта ғасырларда қазақ жерінде құрылыстың көп салынуына негіз болды.
- * Құрылыс, тұрғын үй салу өнерін сәулет өнері дейді.
- * Бүгінде Қазақстан жерінде Айша бибі, Жошы хан, Қожа Ахмет Йасауи кесенелері сияқты ортағасырлық атақты сәулет өнерінің туындылары сақталған.

Айша бибі кесенесі

Айша бибі (XI - XII ғғ.)
Қараханидтер әулетінің негізін
қалаушы Қараханның қалыңдығы,
қазіргі Тараз қаласының
жанындағы, сонау скифтер
заманынан бастап ақ қазақтың қол
өнеріне енген, содан бері
қолданылып келе жатқан ою өрнек,
әшекей түрлерінің бәрін қамтитын
күрделі архитектуралық әсем
ескерткіштің иесі.



Жошы хан кесенесі

Жошы Хан Күмбезі – Жезқазған қаласынан солтүстік-шығыс қақарай 50 км жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошыға бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы, т.б.) қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбезді қайтыс болған кісінің жылдық асын беруден бұрынырақ жасайтын болған. Соған қарағанда 1227 жылы қайтыс болған Жошыға 1228 жылы күмбез тұрғызылған болу керек.



Қожа Ахмет Йасауи кесенесі

Ахмет Йасауи кесенесі — Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Йасауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуы мен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуепету орнына айналды



Алаша хан кесенесі

Алаша хан күмбезі Ұлытаудың Қаракеңгір өзен жағасында (Сарыкеңгір өзенінің құярлық саласында) биік жотаның үстінде тұр. Ғалымдар күмбезді Қарахан әулетіне, оғыз-қыпшақ заманындағы (10-13 ғ.ғ.) сәулет өнерінің қатарына қосады. Зерттеушілерәлі де жаңаболжамдар (15-16 ғ. деушілер де бар) айтқанымен, күмбездің уақыт зардабынан мүжіліп тозған түрі мен басқа ешбір ескерткішке ұқсамайтын көркемдеу тәсілі арғызамандарға сілтейді.



Қортынды.